

Мыңбаева Ә.Қ.¹, Қуатбекқызы Ж.²

¹педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы,
e-mail: Aigerim.Mynbaeva@kaznu.kz

²магистр, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы, e-mail: jess210@mail.ru

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ – ТУРИСТІК МАРШРУТЫН ЖОБАЛАУ

Білім беру-туристік маршруты – тарихи-педагогикалық орындар мен білім беру мекемелеріне бару ретін анықтайтын, адамдардың орын ауыстыру географиялық жолы. Білім беру туристік маршрутының ерекшелігі туристерді педагогика мен білім беру тарихы, қазіргі педагогиканың дамуы саласындағы білімдермен таныстырудың дидактикалық мақсаттары мен міндеттеріне екіпін жасауы. Зерттеудің мақсаты – педагогика және білім беру тарихымен танысу мақсатында Алматы қаласы бойынша білім-беру туристік маршрутын жасау.

Зерттеудің материалдары мен әдістері. Ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде «білім беру туризмі» және «білім беру-туристік маршруты» түсініктеріне анықтама берілді. Алматы қаласы және республика бойынша білім беру туризмінің даму моделі жасалды. Жүйелік, туристік, логистикалық, педагогикалық, андрогогикалық, пәнаралық тұғырлар пайдаланылды. Жобалау әдісімен Алматы қаласы бойынша білім беру туристік маршруттары жасалды. Білім беру-туристік маршрутына келесі пункттер кіреді: бірінші ағарту министрі А. Байтұрсынұвтың мұражайы – Бұрынғы Верный қ. жетімдер үйі – бұрынғы ерлер гимназиясы – бұрынғы қалалық училище. Маршрут Алматы қаласының Байтұрсынұв, Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Пушкин, Төле би, Қалдаяқов, Гоголь көшелері арқылы өтеді. Маршруттың ұзақтығы шамамен 4,2 км. Жоспарланатын жаяу серуен уақыты (мұражай экспозицияларымен танысусыз) шамамен 60 минут.

Түйін сөздер: білім беру-туристік маршруты, білім беру туризмі, бос уақыт, когнитивтік процесс, білім беру тарихы, патриотизм.

¹Aigerim Mynbayeva, ²Zhansaya Kuatbekkyzy
Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University,
Aigerim.Mynbaeva@kaznu.kz
²magister, jess210@mail.ru

Designing Educational Tourist Routes in Almaty

The educational tourist route is a geographical way of people's movement, which determines a sequential visit to historical pedagogical places of interest and educational institutions. The peculiarity of the educational and tourist route is the emphasis on didactic goals and tasks of providing the tourist with knowledge in the history of pedagogy and education, modern development of pedagogy.

The aim of the research is the development of an educational tourist route for introduction into the history of pedagogy and education in Almaty. Materials and methods of research. The definitions of the concepts "educational tourism" and "educational tourist route" were given based on the analysis of the scientific literature. A model for the development of educational tourism for the city of Almaty and the republic has been developed. Systemic, tourist, logistical, pedagogical, androgogic, interdisciplinary approaches were used. Educational tourist routes of Almaty city are developed by the projecting method.

The educational tourist route includes the following items: the museum of the first Minister of Education A. Baytursynov, a former orphanage for the city of Verny, a former men's gymnasium, a former city training college. The route runs along the streets of Baytursynov, Kabanbai batyr, Bogenbai batyr, Pushkin, Tole bi, Kaldayakov, Gogol. The length of the route is about 4.2 km. The planned time for walking (without visiting the museum's expositions) is about 60 minutes.

Key words: educational tourist route, educational tourism, history of education, patriotism, leisure, cognitive process.

¹Мынбаева А.К., ²Қуатбекқызы Ж.

¹доктор педагогических наук, профессор, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, Алматы, e-mail: Aigerim.Mynbaeva@kaznu.kz

²магистр, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, Алматы, e-mail: jess210@mail.ru

Проектирование образовательно-туристического маршрута г. Алматы

Образовательно-туристический маршрут – это географический путь перемещения людей, определяющий последовательное посещение историко-педагогических мест и образовательных учреждений. Особенность образовательно-туристического маршрута – акцент делается на дидактических целях и задачах знакомства туриста со знаниями в области истории педагогики и образования, современного развития педагогики. Цель исследования – разработка образовательного туристического маршрута для знакомства с историей педагогики и образования в г.Алматы.

Материалы и методы исследования. На основе анализа научной литературы были даны определения понятий «образовательный туризм» и «образовательный туристический маршрут». Разработана модель развития образовательного туризма для г. Алматы и республики. Используются системный, туристический, логистический, педагогический, андрогогический, междисциплинарный подходы. Методом проектирования разработаны образовательные туристические маршруты г. Алматы. Образовательно-туристический маршрут включает пункты: музей первого министра просвещения А.Байтурсынова – бывший приют для сирот г.Верный – бывшая мужская гимназия – бывшее городское училище. Маршрут пролегает по улицам Байтурсынова, Кабанбай батыра, Богенбай батыра, Пушкина, Толе би, Калдаякова, Гоголя. Протяженность маршрута – около 4,2 км. Планируемое время пешей прогулки (без знакомства с экспозициями музея) – около 60 минут.

Ключевые слова: образовательно-туристический маршрут, образовательный туризм, досуг, познавательный процесс, история образования, патриотизм.

Кіріспе

Білім беру туризмі нарықтық заманда жан-жақты өз орнын тапқанымен педагогикалық сферада пайдалану мәселесі әлі де өзекті. Педагогикада білімін ұштастыру мен танымдық қызығушылық аясын кеңейту, формальды емес сабақ формаларын пайдалану іс-әрекеттің эффективті болуына ықпал етеді.

Зерттеудің мақсаты – педагогика және білім беру тарихымен танысу мақсатында Алматы қаласы бойынша білім-беру туристік маршрутын жасау.

Зерттеудің материалдары мен әдістері. Ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде «білім беру туризмі» және «білім беру-туристік маршруты» түсініктеріне анықтама берілді. Алматы қаласы және республика бойынша білім беру туризмінің даму моделі жасалды. Жүйелік, туристік, логистикалық, педагогикалық, андрогогикалық, пәнаралық тұғырлар пайдаланылды. Жобалау әдісімен Алматы қаласы бойынша білім беру туристік маршруттары жасалды.

Әдебиеттерді шолу

Білім беру туризмі, туристік-білім беру маршруты түсініктерінің сипаттамасы

Қазақстан Республикасының заңнамалық құжаттарында «білім беру туризмі» түсінігі кездеспейді. Сонымен қатар білім беру туризміне

арналған еңбектерді саралай отырып, бұл терминге нақты не жүйелік экономикалық, не әлеуметтік немесе басқа да категорияға жататындығы туралы ақпараттың жоқтығы байқалады. *ҚР «туристік қызмет» туралы заңында* «туризм – жеке тұлғалардың уақытша болатын елде (жерде) жиырма төрт сағаттан бір жылға дейін не жиырма төрт сағаттан аз уақытқа созылатын, бірақ түнейтін, ақылы қызметпен байланысты емес мақсаттағы саяхаты» деп анықталады [1, 4б.].

Біз «білім беру туризмінің» анықтамасын ұсынамыз.

И. Зорин, В. Соломин, А. Лебедев, В. Ritche, Т. Пономареваның [2-5] еңбектерін зерттей келе біз білім беру туризміне келесі анықтаманы береміз. **Білім беру туризмі** – білім беру мен ағартудың барлық түрін қамтитын және барлық жас аралығына арналған тұрғылықты мекен-жай мен тұрақты мекен аймағында немесе одан тыс орын алатын ағартушылық, танымдық, тәрбиелік пен тұлғалық дамыту мақсаттарын қамтитын әрекеттер жиынтығы.

Туристік маршрут – нақты аймаққа бекітілген туристердің немесе туристер тобының географиялық анықталған жүріп өту жолы деген тұжырымға келдік. Ол егжей-тегжейлі туристер қозғалысын, тасымалдау немесе жол жүру құралдарын, жолдарды, қалалардың, аймақтардың жоспарларын, шекаралық өткелдерді және т.б. сипаттайды.

Білім беру-туристік маршрут – саяхатшының тарихи-педагогикалық орындарды және білім беру мекемелерін көру ретін анықтайтын, адамдардың географиялық орын ауыстыру жолы. Білім беру туристік маршрутының ерекшелігі – туристі педагогика тарихы мен білім беру, заманауи педагогиканың дамуы саласындағы білімдермен таныстырудың дидактикалық мақсаттары мен міндеттеріне екіпін жасауы.

А.А. Бейсенбаева, Г.Т. Хайруллин, А.А. Саипов өздерінің «Туризм педагогикасына кіріспе» атты оқулығында былай дейді: «Біріншіден, туризм педагогикасы – арнайы туристік іс-әрекетті ұйымдастырушы; екіншіден, туристік іс-әрекет барысында білім беру мен тәрбиенің міндеттерін жетілдіреді». Яғни кез келген туристік іс-әрекет педагогикалық ағышарттарсыз орын алуы мүмкін емес. Ұйымдастырушы туристік іс-әрекетті қандай мақсатпен ұйымдастырса да, туристерге немесе туристік топтарға педагогиканың элементтерін кез келген жағдайда пайдаланады [7].

Туризм педагогикасы тәрбиелеу, білім мен оқыту үрдістерін өзіне сай шеңберде қамтиды, бұл үрдістерде ол педагогиканың туризмге бағытталған аспектілерін қарастырады. Туризм педагогикасының әдістемелік қызметтеріне мыналар жатады:

Тәрбиелік – ұжымдық сезімін, моральдық және этикалық құндылықтарды, диалогтық өзара әрекеттестікті қалыптастырады;

Білім беру – білім алу, оны толықтыру және бекіту;

Сауықтыру – тиімді физикалық ауыртпалықты ұстану, ағзаның күйіне табиғи факторлардың жағымды әсерін пайдалану, жеке және қоғамдық тазалықты сақтау, бейімделу мүмкіндіктерін дамыту [7].

Білім беру туризмін тек оқыту әрекетінің формасы ретінде ғана емес, сонымен қатар туристік бизнестегі кәсіби мамандық түрі ретінде қарастыруға болады, яғни туристік нарықта қызметтер мен өнімдер ұсынатын, туристік нарықтағы нақты сегментке бағытталған кәсіпкерлік әрекет түрі. Мұндай сегмент оқушылар, оқытушылар, ғалымдар, білім беру мекемесінің әкімшілігі, басқа да білім беру әрекетін ұйымдастырушылармен ұсынылуы мүмкін. Мұндай жағдайда туроператорлар индивидке немесе топқа арнайы туристік-білім берушілік мазмұндағы өнім әзірлейді.

Білім беру туризмінің түрлері мен қалыптары

Б. Ритчи білім беру туризмінің сегментациясына жаңа критерийлер енгізеді, олардың ішінде

элеуметтік-демографиялық, географиялық, психологиялық критерийлер бар. Бұл критерийлердің негізінде ол: экологиялық және мәдени компонентке екіпін қойылатын жалпы білім беру туризмі (жастар мен ересектер аудиториясы үшін); егде жастағы адамдарға арналған білім беру туризмі; халықаралық және мектепшілік туризм; колледж және университет студенттеріне арналған халықаралық және ішкі туризм.

Ш. Тейлордың ойынша, білім беру туризмінің типологиясының негізгі критерийлері – мотивтер, әрекет және контекст болып табылады. Сол критерийлердің негізінде автор білім беру туризмінің 4 типін ерекшелейді: тілдік оқыту, академиялық алмасу, тереңдетілген ғылыми немесе мәдени-ғылыми турлар [8].

Л.В. Погодинаның классификациясы мақсатқа байланысты критерийге негізделген, сонда да автор үшін білім беру туризмі – танымдық туризм деген кең мағыналы түсініктің құрамдас бөлігі ретінде ғана орын алады [9].

Білім беру туризмінің мәнін түсіндіру үшін қызықты тәсілді О.И. Кузнецова және А.Ю. Фодоря ұсынды, олар оны қоғамның элеуметтік-мәдени әрекетінің бір түрі ретінде қарастырды. Олардың еңбектерінде білім беру туризмінің негізгі түрлері, сонымен қатар, ресейлік білім беру мен туристік салалардағы даму перспективасы сипатталған. Авторлардың тұжырымдарында бұл құбылыстың екі жақты екендігі аталып өткен, олар білім беру туризмін ресейлік білім беру жүйесінің маңызды даму бағыты ғана емес, сонымен қатар «басқа қоғам мен мәдениеттерді танудан баға жетпес элеуметтік-мәдени тәжірибе алуға мүмкіндік беретініне» ерекше екіпін қояды [9].

И.И. Горлова білім беру туризмін келесі формаларына қарай классификацияға жіктеген:

1. Арнайы немесе жалпы білім беретін пәндерді меңгеруді мақсат ете отырып жасалатын білім алу сапарлары, әдетте, орта және жоғары мектеп бағдарламаларына қарағанда қосымша болып саналады.

2. Білім беретін тілдік турлар, яғни шет тілді меңгеруді ғана мақсат ететін саяхаттар.

3. Әдетте біліктілікті арттырумен байланысты, өндіріске, мекемелерге, ұйымдарға жасалатын таныстырушы практикалық сапарлар.

4. Ғылыми мекемелер мен білім беру ұйымдарында ұйымдастырылатын ғылыми және оқу тәжірибелері.

5. Тәжірибе алмасуды және жаңа өзекті кәсіби маңызды ақпаратпен алмасуды мақсат етумен байланысты семинарлар, конференциялар,

сьездер, конгресстер, шығармашылық мастер-класстарға қатысу.

6. Оқу-танымдық мақсат пен нақты тематика бойынша түрлі мемлекеттерге, табиғи зоналарға, қалаларға жасалатын экскурсиялық-танымдық саяхаттар.

7. Қысқа мерзімдік, мезгілдік балаларға, жастарға арналған, отбасылық, тематикалық және арнайы лагерьлерге қосымша білім, жаңа ақпараттар, дағдыларды иемдену, сонымен қатар демалыс пен сауықтыру мақсатымен жасалатын уақыттық саяхаттар. Осылайша, заманауи білім беру туризмі туристік инфрақұрылым контексіндегі туристік құрамдас бөліктен және білім беру компоненті жататын интегративті өнім ретінде қарастырылады [10].

Нәтижелер және талқылау.

Білім беру туризмінің даму моделі

Білім беру туризмінің педагогикалық моделін ұйымдастыру түрлі категориядағы білім алушыларға формальды емес оқытудың негізгі идеялары көрінетін төмендегідей принциптерге сүйене құрылуы тиіс. А.Н. Николаева осыған орай келесі принциптерді ұсынады [11]:

- Педагогикалық сүйемелдеу;
- Вариативтілік және мобильділік;
- Мотивацияны қолдау және қамтамасыз ету;
- Әлеуметтік-педагогикалық интеракция;
- Топтық динамика;
- Білім берудің икемділігі;
- Формальды және формальды емес білім берудің интеграциясы;
- Оқиғалық және жарқын әсерлер;
- Эмоционалдылық және қызықты;
- Пәнаралық;
- Саяхаттың практикалық маңыздылығы.

Педагогикалық сүйемелдеу принципі оқытуды ұйымдастырудың әлеуметтік-психологиялық тұғырына негізделеді, оның негізінде оқытушыны білім беру туры үдерісінде көмекші, кеңес беруші және серіктес ретінде ерекше рөлін мойындау жатыр. Педагогикалық сүйемелдеудің міндеттеріне психологиялық, тұлғалық, интеллектуалды сүйемелдеу, оқу үдерісіндегі қиындықтар мен мәселелердің алдын алу, тұлға дамуының өзекті мәселелерін шешуге көмек, жасы мен жай-күйіне тәуелсіз білім алушының әлеуметтенуі, туристің әлеуметтік-мәдени, психологиялық және коммуникативті құзіреттігін дамыту жатады [12].

Педагогикалық сүйемелдеу принципі ұйымдастырушының турды дайындау кезеңінде жүзеге аса бастайды. Білім алушылардың қа-

жеттіліктері мен мотивтерін, олардың дифференциациясын, нақты ғылым саласының мамандарымен белсенді бірігіп жұмыс жасауын зерттеу, оқушылардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамасын зерттеу білім беру турының дайындық кезеңінің міндетті сатысы.

Келесі принциптер қатары педагогикалық сүйемелдеу принципімен арақатынас орнатады және оны нақтылайды.

Сонымен қатар, *әлеуметтік-педагогикалық интеракция принципі* педагогтар мен білім алушылардың, білім беру туры өткізу үдерісінде әлеуметтік құзыреттіліктердің дамуына бағытталған, белсенді өзара әрекеттесуін білдіреді.

*Қолдау және мотивацияны қамтамасыз ету принципі*н жүзеге асыру педагогқа студенттердің танымдық белсенділік деңгейін арттыруға және саяхаттау барысында оқу әрекетіне деген жағымды мотивация жасау есебінен олармен эффективті өзара әрекеттестік орнатуға мүмкіндік береді.

Вариативтілік, мобильділік және икемді білім беру принциптеріне негізделмей оқушылардың танымдық белсенділіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мүлде мүмкін емес.

Тур барысында құралдардың, қалыптардың, оқыту әдістерінің, формальді және формальді емес білім беруді үйлестіру мүмкіндігі, орынды зерттелуі тиіс сұрақтарды өздері таңдау туристердің әрі қарай оқуға деген қызығушылығына алып келеді, саяхаттан кейінгі шаршауды басады және педагогикалық үдерісті жоғары деңгейге шығарады.

Педагогикалық сүйемелдеудегі білім беру туризмін ұйымдастырушыларға жүктелетін міндеттерінің бірі *топтық динамика принципі*н жүзеге асыру. Білім беру үдерісінің икемділігі және вариативтілігі тур қатысушыларының тек танымдық белсенділігін дамытып қана қоймай, сонымен қатар жалпы топтың позитивті дамуына ықпал етеді.

Топтың позитивті дамуы оның комплектарлығы есебінен және топ мүшелерінің тұлғалық потенциалының интеграциясы есебінен жүзеге асады, бұл білім беру саяхатының мақсаттарға жетуінде синергетикалық эффектін қамтамасыз етеді [13].

Балалардың да, ересектердің де білімінің нәтижесіне сол үдерістің эмоционалды фоны әсер етеді. Турдың эмоционалды қанықтығына қол жеткізу *оқиғалылық, қанық әсерлер, эмоционалдылық және қызықтылық принциптеріне* негізделеді. Олардың жүзеге асуына туристердің жаңа мәдени және әлеуметтік ортаға түсуі ықпал

етеді, бұл әсерлердің өзгеруі мен қанық эмоционалды күйлермен байланысты.

Пәнаралылық принципі көрініс табуы, бір жағынан, білім беру турын ұйымдастырушының әрекетінде әртүрлі пәндер саласынан – туризм, психология, педагогика, білім беру менеджменті, білімдер мен құзыреттіліктерді интеграциялау қажеттілігімен байланысты, ал екінші жағынан, білім беру турларын өткізуде пәндік білім мен практикалық тәжірибенің интеграциясымен байланысты.

Бұл принципті жүзеге асыру *практикалық маңыздылық принципінің* жүзеге асуымен тікелей байланысты екенін білдіреді. Аталған принцип туристік сапар барысындағы оқу әрекетінің мотивтерімен байланысты алдына нақты практикалық мақсаттар қойып, білім беру саяхатына аттанатын ересектер үшін маңызы зор [13].

Ендігі кезекте біз Қазақстанда білім беру туризмін дамыту моделін ұсынамыз (сурет).

Біздің ұсынатын Қазақстандағы білім беру туризмін дамыту моделі келесі компоненттерден тұрады, яғни, мақсаты, міндеттері, принциптері, мазмұны, формасы, әдістері және нәтижеден тұрады.

Бұл модельді жасауымыздың мақсаты – Қазақстандағы білім беру туризмін дамыту, яғни әлеуметтік-педагогикалық аспекті тұрғысынан қарастырамыз.

Міндеттері:

- білім беру туризмінің маршрутын жасау;
- оны туристік нарыққа шығару;
- даңғылдар, көшелер жүйесін жасау;
- білім беру туристік маршруттарын жарнамалау, ақпараттандыру.

Тарихи-өлкетанушылық принцип – белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы; шағын аумақтың табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын және мәдениетін, елді мекендерін олардың таяу төңірегімен қоса зерттеуге негізделеді. Яғни тұрғылықты мекенін зерттей келе оның тарихымен, танысуды білдіреді.

Әлеуметтік-педагогикалық интеракция принципі педагогтар мен білім алушылардың, білім беру турын өткізу үдерісінде әлеуметтік құзіреттіліктердің дамуына бағытталған, белсенді өзара әрекеттесуін білдіреді.

Вариативтілік және белсенділік принциптеріне негізделмей оқушылардың танымдық

белсенділіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мүлде мүмкін емес.

Тур барысында құралдардың, қалыптардың, оқыту әдістерінің, формальді және формальді емес білім беруді үйлестіру мүмкіндігі, орынды зерттелуі тиіс сұрақтарды өздері таңдау туристердің әрі қарай оқуға деген қызығушылығына алып келеді, саяхаттан кейінгі шаршауды басады және педагогикалық үдерісті жоғары деңгейге шығарады.


Пәнаралылық принципі көрініс табуы, бір жағынан, білім беру турын ұйымдастырушының әрекетінде әртүрлі пәндер саласынан – туризм, психология, педагогика, білім беру менеджменті, білімдер мен құзыреттіліктерді интеграциялау қажеттілігімен байланысты, ал екінші жағынан, білім беру турларын өткізуде пәндік білім мен практикалық тәжірибенің интеграциясымен байланысты.

Модельдің мазмұны тілдік білім беру мен білім беру туристік маршруттардан тұрады. Тілдік білім деп отырғанымыз қазіргі кезде Қазақстан нарығындағы білім беру туризмі бойынша бұрыннан және қазіргі кезде де сұранысқа ие формасы. Яғни, Отандық білім беру туризмінің көшбасшысы ретінде тілдік білім саналады. Ал Білім беру туристік маршруттарды енгізе отырып, яғни, білім беру-туристік маршрут және білім беру-әдеби туристік маршруттарды қолданысқа енгізе отырып білім беру саласындағы біраз мәселелерді шешуге, мысалға: мектеп оқушыларына кәсіби бағдарлауды жүргізу барысында, педагогикалық мамандықтарда білім алатын студенттерді кәсіби жақын ортаға тереңдету арқылы білім беруде, және т.б. көмегі болары анық.

Білім беру туризмінің маршруттарымен жүріп өту барысында түрлі формаларды пайлануға болады, экскурсияны жаяу жүріп жасауға, немесе автобуспен, жеңіл көлікпен, т.б. Бұл маршруттардың орналасуы мен логистикасына байланысты экскурсияны ұйымдастырушы мекеме немесе тұлға тарапынан шешіледі.

Экскурсияны жүргізу әдістері туристерге аудиалды және визуалды түрде ақпаратты қабылдауға мүмкіндік береді. Оны әңгімелеу, әңгімелесу; заттар мен ғимараттарды демонстрациялау әдісі; мұражай ортасына тереңдеу арқылы ұсынады.

Жоғарыдағы мәселелердің шешімі ретінде оның барлығын білім беру мен туристік қызметтер нарығына шығару және экономикалық негіз-



1-сурет – Қазақстанда білім беру туризмін дамыту моделі

деу, яғни қаржылай қолдау көрсету жан-жақты қамтамасыз ету болып табылады.

Білім беру турлары – туризмнің аса дамыған түрі, онда турист саяхат барысында демалыс пен білім алуды үйлестіреді.

Білім беру туризмінің үлкен әлеуетін андрогогика негізінде анықтауға болады.

Білім беру туризмі ересек адамның өміріне оқиғалылық әкеледі, ол өз алдына адамға өмірлік стереотиптерді өзгертуге түрткі болып, жаңа құбылыстармен таныстырады. Экскурсия немесе туристік әрекет ересек адамға эмоционалды күш бере отырып, құбылыстарға, оқиғаларға, объектілер мен тұлғаларға деген оның қызығушылығын тереңдете түседі және өзін-өзі дамытуға, білім алуға итермелейді [14].

Сонымен, біз Қазақстанда білім беру туризмі дамуының моделін жобаладық (1-сурет). Оған келесі компоненттер кірді: мақсаты,

міндеттері, принциптері, мазмұны білім беру туристік маршруттарының тізбесі ретінде, формасы, әлеуметтік-педагогикалық шарттары, білім беру-туристік маршруттарын жасау және жинақтау. Келесі әлеуметтік-педагогикалық шарттар айқындалды: Білім беру туризмінің мақсаттық бағыттылығы – кәсіби педагогикалық білім сапасын арттыруға, балалардың бос уақытын ұйымдастыруға, педагогтардың біліктілігін арттыру.

Туристік бизнес пен әлеуметтік педагогтарды білім беру туризмі саласына тарту.

Білім беру туристік маршруттарын жасау.

Білім беру туристік маршруттарының мазмұнын дидактикалық толықтыру.

Бұл әрекет түріне бастапқы кезеңде қаржылай қолдау.

Білім беру-туристік маршруттарын жарнамалау.

Студенттерге, жазғы демалыс кезінде – балаларға арналған мектептік лагерьлерде, педа-

гогтарға, Алматы қаласының қонақтарына білім беру туристік маршруттарын ұсыну.

Демалыс және бос уақытты тиімді өткізу, (лагерьлер, мектепшілік лагерлер, т.б.).

Алматы қаласы бойынша білім беру-туристік маршруттың жобалау

«100 нақты қадам» елімізге «2050-стратегиясын» жүзеге асыру мен Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға, жолдан адаспауға, күрделі кезеңнен сенімді өтуге жағдай туғызатын беріктік қорын жасап беретін болады деп атап өткен болатын. 100 нақты қадамда аталған осы қадамдарда туризмді дамыту мен кластерлер құру, Қазақстанды әлемге соның ішінде туристерге таныту мен жарнамалау мақсатында нақты және дәлелді түрде мәселелер көтерілген және тапсырмалар берілген [15].

Туристік кластерді дамыту шеңберінде республикамызда туризм дамуының: іскерлік, экологиялық, мәдени-танымдық және шытырман оқиғалы турлар сияқты басымды бағыттары белгіленген. Біздің мақсаттарымыздың бірі Алматы қаласы бойынша білім беру-туристік маршруттарын жасау болғандықтан, тұжырымдамадағы «Алматы – Қазақстанның еркін мәдени аймағы» кластері қызығушылық тудырды [16].

Алматының шығармашылық қала ретінде дамуы шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсету үшін оңтайлы ортаны қалыптастырады.

Өзінің бай тарихы мен қалыптасқан дәстүрлері бар Алматы қаласының мәдени инфрақұрылымында 13 театр, 15 мұражай, 24 кинотеатр, 12 концерттік ұйым, 31 кітапхана, клуб үлгісіндегі 10 мекеме, хайуанаттар бағы, цирк, 6 мәдениет және демалыс саябақтары мен өзге де мәдениет объектілері орналасқан, олардың басым бөлігінің республикалық маңызы бар [16].

Сонымен қатар Қазақстанның ішкі туризмі – мемлекетіміздің жарнамасы болып табылады. Алайда соңғы жылдары кіріс және ішкі туризмге деген сұраныс өсуде. Халықаралық талдаушылар мен мамандардың ойынша туризм де Қазақстанның өсуі мен өркендеуіне зор ықпалын тигізеді. Осы орайда Алматының туристік инфрақұрылымы елеміздегі ең дамыған инфрақұрылым болып отыр. Қаламыздың туристік қызметтері даму үстінде: 600 жүзден астам туристік агенттіктер бар, 80-нен астам шетелдік компаниялармен байланыстар орнатылған. Туристік агенттіктері арқылы туристік қызмет көрген туристердің саны күні бүгінге өсіп келеді. Ішкі маршруттық көрсеткіштер 3,3 есе өсті. Қала әкімшілігі туризм дамуына ерекше көңіл бөліп отыр. Алматының туристік индустрия

орталығына айналуы қазіргі таңдағы ең негізгі мәселе [17].

Біздің зерттеу жұмысымыздың мақсатының бірі Алматы қаласы бойынша білім беру туризмінің бағытын жасау. Білім беру туризмінің маршрутына келесі ғимараттар кірді:

ҚҰПУ корпусы (бұрынғы Верный ер балалар гимназиясы, (1892-1895, архитектор – П.В. Гурдэ, Қазыбек би, 28к.);

М. Әуезовтің әдеби-мемориалды үй-мұражайы (1961ж., архитектор – Г.Г. Герасимов, Тулебаев, 185к.);

Ұлттық музыкалық аспаптар мұражайы (Зенков көш. 24 а, Гоголь көш. қиылысы)

А. Байтұрсыновтың үй-мұражайы (Байтұрсынов к., 60)

Г.А. Колпаковский атындағы Верный қалалық училищесі (1890 ж., Гоголь, 37 к.);

Алматы қаласы тарихының мұражайы – Верный қаласының балалар үйі ғимаратына көшірілді (1879 ж., Қабанбай батыр, 132 к.);

ҚР Мемлекеттік орталық мұражайы (Самал-1, 44)

Д.А. Қонаев атындағы мұражай (Төлебаев, 117)

Ө. Қастеев атындағы өнер мұражайы (Коктем-3 ы.а., 22/1, Сәтбаев к.)

Кітаптар мұражайы (Қабанбай батыр, 94.)

Ғ. Мүсірепов пен С. Мұқановтың мемлекеттік әдеби-мемориалдық мұражайы (Төлебаев көшесі, 125).


Маршрутты жасау барысында А.К. Уварованың, Д.З. Сабировтың Туристік-рекреациялық картографиялау курсы бойынша лабораториялық және тәжірибелік жұмыстарды орындау нұсқаулығы пайдаланылды. Оқу-әдістемелік құралда Туристік-рекреациялық картографиялау курсының лабораториялық және тәжірибелік жұмыстарына туризм тәжірибесінде қолданылатын топография және картография негізін қосатын методикалық нұсқаулар ұсынылған. Негізгі назар топографиялық және туристік карталар көмегімен шешілетін тапсырмаларға аударылған [18].

Алматы қаласы бойынша білім беру туризмінің маршруттың жасау үшін тандап алынған нысандардың тарихи маңызы өте зор. Біздің туристік бағытқа енген нысандардың тарихына тоқталып өтейік. Маршрутты жасау барысында жүріп өту жолдарының реті логистикалық негізге құрылып жасалған.

Логистика – клиенттердің немесе корпорациялардың талаптарын қанағаттандыру үшін бас тапқы нүкте мен жеткізу нүктелерінің арасындағы ресурстар ағымын басқаруды білдіреді [18].

Логистика ұғымы ақпарат, тасымалдау, мүліктеу, қоймалау, қаптамалау және қауіпсіздік сияқты құраушылардың бірлесуін қамтиды.

Біз Алматы қаласы бойынша білім беру туризмінің маршрутына енген нысандарды үш топқа бөлу арқылы қарастырдық (2, 3-суреттер).



2-сурет – Білім беру-әдеби және білім беру-туристік маршруттар

1 маршрут.

Мақсаты: XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы отандық білім берудің даму тарихымен және Алматы қаласының қалыптасуымен таныстыру.

Міндеттері:

- бұрынғы Верныйдың гимназияларының, балалар үйі, училищесі, т.б. ғимараттарымен таныстыру;
- кіші Отанына деген патриоттық сүйіспеншілік сезімін дамыту.

Білім беру-туристік маршруты (2-сурет):

1. А. Байтұрсыновтың үй мұражайы (Байтұрсынов к., 60)
2. Алматы қаласы тарихының мұражайы – бұрынғы Верный қаласының балалар үйінің ғимаратында (Қабанбай батыр к., 132)
3. ҚҰПУ ғимараты (бұрынғы Верный ер балалар гимназиясы, Қазыбек би к., 28)
4. Г.А. Колпаковский атындағы Верный қалалық училищесі (Гоголь к., 37)

Маршрут Алматы қаласының Байтұрсынов, Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Пушкин,

Төле би, Қалдаяқов, Гоголь көшелері арқылы өтеді. Маршруттың ұзақтығы шамамен 4,2 км.

Жоспарланатын жаяу серуен уақыты (мұражай экспозицияларымен танысусыз) шамамен 60 минут.

2 маршрут.

Мақсаты: тарихи тұлғалардың тұрмыс-тіршілігімен, еңбектерімен таныстыра оты-

рып, әдебиетке, кітапқа деген қызығушылығын ояту.

Міндеттері:

- тарихи тұлғалардың тұрмысымен, шығармашылығымен таныстыру;
- тарихи білімді кеңейту.

Білім беру-әдеби маршрутты (2-сурет):

1. Кітаптар мұражайы (Қабанбай батыр, 94)
2. Ғ.Мүсірепов пен С.Мұқанов мемлекеттік әдеби-мемориалдық мұражай (Төлебаев к., 125)
3. М.Әуезовтың әдеби-мемориалды үй-мұражайы (Төлебаев к., 185)
4. ҚР Мемлекеттік орталықмұражайы (Самал-1,44)

Білім беру-туристік маршрут:	Білім беру-әдеби маршрут:	Белгілі мұражайлар бойынша маршрут:
<ul style="list-style-type: none"> • А. Байтұрсыновтың үй мұражайы (Байтұрсынов к., 60) • Алматы қаласы тарихының мұражайы – бұрынғы Верный қаласының балалар үйінің ғимаратында (Қабанбай батыр к., 132) • ҚҰПУ ғимараты (бұрынғы Верный ер балалар гимназиясы, Қазыбек би к., 28) • Г.А. Колпаковский атындағы Верный қалалық училищесі (Гоголь к., 37) 	<ul style="list-style-type: none"> • Кітаптар мұражайы (Қабанбай батыр, 94) • Ғ. Мүсірепов пен С. Мұқанов мемлекеттік әдеби-мемориалдық мұражай (Төлебаев к., 125) • М. Әуезовтің әдеби-мемориалды үй-мұражайы (Төлебаев к., 185) • ҚР Мемлекеттік орталық мұражайы (Самал-1, 44) 	<ul style="list-style-type: none"> • Ә. Қастеев атындағы өнер мұражайы (Көктем 3 ы.а., 22/1, Сәтбаев к.) • Ұлттық музыкалық аспаптар мұражайы (Зенков, 24а) • Д.А. Қонаев атындағы мұражай (Төлебаев к., 117) • ҚР Мемлекеттік орталық мұражайы (Самал-1, 44).

3-сурет – Білім беру туризмінің маршруттары

3 маршрут.

Белгілі мұражайлар бойынша маршрут:

1. Ә. Қастеев атындағы өнер мұражайы (Көктем 3 ы.а., 22/1, Сәтбаев к.)
2. Ұлттық музыкалық аспаптар мұражайы (Зенков, 24а)
3. Д.А. Қонаев атындағы мұражай (Төлебаев к., 117)
4. ҚР Мемлекеттік орталық мұражайы (Самал-1, 44).

Білім беру-туристік маршруттары (1 мен 2) бойынша билеттер бағасы оқушылар мен студенттер үшін 1500 теңгеден аспайды.

Қорытынды

Қорытындылай келе, жоғарыда келтірілген білім беру-туристік маршруттарының сұранысқа ие болуға потенциалы өте жоғары. Себебі,

Алматы қаласының инфрақұрылымы ішкі білім беру туризмін дамытуға толықтай мүмкіндік береді. Жасалған білім беру-туристік маршрутты, білім беру-әдеби туристік маршрутты біраз әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешуге ықпал ете алады және маршруттарға енген әр нысан білім берудің даму тарихымен терең танысып, білімін арттырып, сол кездің атмосферасына қанығуға мүмкіндік туғызады.

Әдебиеттер

- 1 ҚР-дың «Туристік қызмет туралы» заңы. – 2001. – 13 маусым, №211 заңы, 4 б.
- 2 Зорин И.В., Квартальнов В.А. Туризм как вид деятельности. – М.: Финансы и статистика. – 2005. – Т. 288. – С. 140-143.
- 3 Соломин В. П., Погодина В. Л. Современное состояние и перспективы развития образовательного туризма в России // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. – 2007. – № 30. – Т. 8.
- 4 Лебедев А. Р. Образовательный туризм как экономическая категория // Современная экономика: проблемы, тенденции, перспективы. – 2012. – № 6. – С. 5.
- 5 Пономарева Т. В. Образовательный туризм: сущность, цели и основные сегменты потребителей // Проблемы современной экономики: материалы IV междунар. науч. конф. (г. Челябинск, февраль 2015 г.). – Челябинск: Два комсомольца, 2015. – С. 139-143.
- 6 Ritche B. W. Managing Educational Tourism (Aspects of Tourism). – Bristol: ChannelViewPublications, 2003. – P. 18.
- 7 Бейсенбаева А.А., Хайруллин Г.Т., Саипов А.А. Туризм педагогикасына кіріспе. – Алматы: ҚазҰПУ, 2000. – 31 б.
- 8 Taylor S. Theorizing Educational Tourism: Practices, Impacts and Regulations in Equador. – New York: Columbia University, 2006. – P. 87-103.
- 9 Погодина В.Л. Образовательный туризм как средство развития географической культуры учащихся // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. – 2009. №116. – С. 59-68.
- 10 Погодина В.Л., Соломин, В.П. Методологические и методические основы подготовки магистров естественнонаучного образования по программе «образовательный туризм». В.Л. Погодина, В.П. Соломин// Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. – 2011. – № 138. – С. 125-135
- 11 Николаева А. Н. Педагогическая модель образовательного туризма как средство повышения уровня познавательной активности обучающихся //Вектор науки Тольяттинского государственного университета. Серия: Педагогика, психология. – 2013. – №. 1 (12).
- 12 Зыбин О.С., Козлова Н.А. Специфические особенности образовательного туризма // Социально-экономические проблемы развития современного общества: Сб. науч. тр. – СПб.: СПбТЭИ, 2005. – С.81 -88
- 13 Лунин Э.А. Организация и управление образовательным туризмом в РФ // Научная онлайн-библиотека «Порталус» – эл.ресурс: режим доступа www.portalus.ru Дата доступа 30.12.2016
- 14 Колесникова И. А. Основы андрагогики. – М.: «Академия», 2003. – С. 5. – 240 с. – ISBN 5-7695-0978-3
- 15 Кәдіргалиев Б. 100 нақты кадам және туризм // Эл.ресурс Режим доступа <http://group-global.org/en/node/29946> Дата доступа 20.12.2016
- 16 Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 998 қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000998>
- 17 Қазақстандағы ішкі туризм саласының даму мүмкіндіктері // Толығырақ: https://massaget.kz/mangilik_el/40929/
- 18 Уварова А.К., Сабиров Д.З. Туристік-рекреациялық картографиялау курсы бойынша лабораториялық және тәжірибелік жұмыстарды орындау нұсқаулығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 138 б.

References

- 1 Beysenbaeva, A.A., Khairullin, G.T., Saipov, A.A. (2000). Introduction to tourism pedagogy. Almaty, KazNPU, 31.
- 2 Concept of cultural policy of the Republic of Kazakhstan (2014, Sep. 22). Resolution by Government of the Republic of Kazakhstan (2014, Sep. 22). No. 998 of September 22, 2014. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/eng/docs/P1400000998>
- 3 Kadirgaliev, B. (2016, Des.20). 100 concrete details and tourism. Retrieved from <http://group-global.org/en/node/29946> 20.12.2016
- 4 Kolesnikova, I. A. (2003). Basic Androgenics: Teaching. Possobie. Moscow: Academy. 5.
- 5 Lebedev, A. R. (2012). Educational tourism as a economical category. Modern Economy: Problems, Trends, Perspectives, 6. 5.
- 6 Lunin, E. A. (2009). Organization and management of educational tourism in the Russian Federation. Retrieved from: www.portalus.ru / 30.12.2016
- 7 Nikolaeva, A. N. (2013). The pedagogical model of educational tourism as a means of development of the knowledgeable creativity. Vector of science of the Tolyatti State University. Series: Pedagogics, Psychology, 1(12).
- 8 Opportunities for domestic tourism development in Kazakhstan (2016, Oct.22). Retrieved from https://massaget.kz/mangilik_el/40929/
- 9 Pojinina, V. L. (2009). Educational tourism as a means of development of geographical culture of cataracts. Izvestia Herzen Russian State Pedagogical University, 116. 59-68.
- 10 Pojinina, V. L., & Solomin, V. P. (2011). Methodological and methodical bases of preparation of magistrates of the natural history of the program “Educational tourism”. Izvestia Herzen Russian State Pedagogical University. 138. 125-135.
- 11 Ponomareva, T. B. (2015). Educational tourism: Sustainability, Core and Basic Segment Users. Problems of the Modern Economy. Chelyabisk, Two Komsomol members. 139-143.
- 12 Ritche, B. W. (2003). Managing Educational Tourism (Aspects of Tourism). Bristol: Channel View Publications, 18.
- 13 Solomin, V. P., & Pogodin, V. L. (2007). Modern conditions and perspectives of development of tourism tourism in Russia. Izvestia Herzen Russian State Pedagogical University, 8 (30).

- 14 Taylor, S. (2006). *Theorizing Educational Tourism: Practice, Impacts and Regulations in Equador* / S. Taylor. New York: Columbia University, 87-103.
- 15 The Law of the Republic of Kazakhstan “On Tourist Activity” (2001). June 13, Law No. 211, 4.
- 16 Uvarova, A.K., Sabirov, D.Z. (2016). *Guidance on laboratory and practical work on tourism and recreation cartography course*. Almaty, Kazakh University, 138.
- 17 Zorin, I. V., Kaverina, T. P., & Kvartalnov, V. A. (2005). *Tourism as a function*. Moscow, Finance and Statistics, 288, 140-143.
- 18 Zybin, O. S., & Kozlova, N. A. (2005). *Specificistic excellence in educational tourism. Social-economical problems in the modern society: Sb. research. tr. Sant-Peterburg, SpbTEE. 81-88.*